ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 09 қаңтар №2301-23-00-2/2685 Атырау қаласы

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты, құрамында:
төрағалық етуші судья А.Е.Султангалиева,
сот отырысының хатшысы Р.М.Исембаева болып,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады,

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Атырау қалалық перзентханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны,

ЖАУАПКЕР:
жеке кәсіпкер «GlobalShop» - Ерғазы Шералыұлы Исабай,

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы,

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
талап қоюшы өкілі А.Т.Рамазанов,

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2023 жылғы 22 қыркүйекте тараптар мемлекеттік сатып алу туралы №235 келісім-шартқа (келесіде – шарт) қол қойған.

Шарт бойынша жауапкер шартқа қол қойғаннан кейін, 15 күнтізбелік күн ішінде, яғни 2023 жылғы 07 қазанға дейін талап қоюшыға 141 000 теңгеге «Араластырғыш» (шынтақтық, медициналық, бір тұтқалық) әкелуге міндеттенген. Алайда, шартта көзделген мерзімде жауапкер тауарды жеткізбеген.

Талап қоюшы сотқа талап арыз жолдап, жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды сұраған. Талап қоюшы өз талабын жауапкердің тараптар арасында жасалған мемлекеттік сатып алу туралы келісім-шарты (келесіде – шарт) бойынша өз міндеттемелерін орындамауымен негіздеген.

Талап қоюшы өкілі талап қоюды қуаттап, тауар әлі күнге дейін жеткізілмегенін, жағымсыз салдарының бар екенін, өйткені бұл тауар дәрігерлер мен медициналық қызметкерлердің күнделікті қызметін

қамтамасыз етуге қажет екенін, алайда қолданыстағы араластырғыш сынған, жарамсыз күйде екенін түсіндіріп, талапты қанағаттандыруды сұрады.

Сот отырысының өтетін орны мен уақыты туралы хабарлы болғанымен, жауапкер сот отырысына келген жоқ.

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 196-бабының 4-бөлігінің талабына сай, сот отырысының уақыты мен орны туралы тиісті түрде хабарландырылған іске қатысатын тұлғалардың қайсыбірі келмеген жағдайда, егер олардың келмеу себептері дәлелсіз деп танылса, сот істі қарауға құқылы.

Сот, жауапкер өкілінің сот отырысына қатыспауын дәлелсіз деп танып, істі жауапкер өкілінің қатысуынсыз қарады.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (келесіде – АК) 272, 277-баптарына сәйкес міндеттеме – міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше және мерзімінде орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы Заңының (келесіде – Заң) 12-бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сай, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Жауапкердің шарт бойынша міндеттемелерін орындамауы талап қоюшының сотқа талап қоюмен жүгінуіне негіз болды. Талап қоюшының уәждеріне сәйкес жауапкер шарт бойынша алған міндеттемелерін орындаған жоқ, шарт жасалған күннен бастап тиісті қызмет жеткізген жоқ.

Заңның 12-бабының 4-тармағына сай, осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) және 3) тармақшаларында көрсетілген жағдайларда, тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінуге міндетті.

Талап қоюшы аталған міндетін орындап, сотқа жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен 2023 жылғы 02 қарашада жүгінген. Көрсетілгендердің негізінде, талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы сотта талап қоюы негізді және қанағаттандырылуға жатады.

АПК-тің 117-бабына сәйкес жауапкерден мемлекет кірісіне 1 725 теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Құжатқа қол қойылған: Султангалиева А. Е., 16.01.2024
Заңды күшіне енген күні: 19.02.2024, судья Султангалиева А. Е., 19.02.2024
2301-23-3-1/3155

АПК-нің 223-226, 229 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Атырау қалалық перзентханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының жауапкер жеке кәсіпкер «GlobalShop» - Ерғазы Шералыұлы Исабайды мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қою арызы – қанағаттандырылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «GlobalShop» - Ерғазы Шералыұлы Исабай мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «GlobalShop» - Ерғазы Шералыұлы Исабайдан мемлекет кірісіне 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге апелляциялық шағым, прокурордың апелляциялық өтінішхаты Атырау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Судья А.Е.Султангалиева
Көшірмесі дұрыс. Судья А.Е.Султангалиева

Анықтама: Сот шешімі «19» ақпан 2024 жылы заңды күшіне енді.
Судья А.Е.Султангалиева

Құжатқа қол қойылған: Султангалиева А. Е., 16.01.2024

Заңды күшіне енген күні: 19.02.2024, судья Султангалиева А. Е., 19.02.2024